

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Лобанов ауылының көшелерін қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Лобаново ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 13 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 22 сәуірде № 7323 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14- бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Лобаново ауылы халқының пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысы ономастикалық комиссиясының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Лобанов ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Лобаново ауылдық округі Лобаново ауылының:

- Ленин көшесі - Абай көшесіне;
- Ворошилов көшесі - Еркін Әуелбеков көшесіне;
- Карл Маркс көшесі - Сәбит Мұқанов көшесіне;
- Советский көшесі - Мағжан Жұмабаев көшесіне;
- Урицкий көшесі - Ақан сері көшесіне;
- Красная көшесі – Шоқан Уәлиханов көшесіне;
- Коммунистическая көшесі – Кенжетай Рамазанов көшесіне;
- Буденный көшесі – Василий Антонов көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Лобанов ауылдық округі әкімі

Е. Шайгузов